

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 қараша N 1657

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы N 253 P000253_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 94-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасындағы:

"2. Жердің нақты меншік иелерін және жерді пайдаланушыларды қалыптастыру" деген бөлімнің алтыншы тобының "Шетелдік жер пайдаланушылар" деген бесінші абзацы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жерге

құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардағы:

реттік нөмірі 1.2 - жолдағы:

5-бағанның екінші және үшінші абзацтарындағы "2000 жылдың 4-тоқсаны" деген сөздер "2001 жылдың 2-тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3, 4 және 5-бағандардың төртінші абзацы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 2.2 - жолдағы, 2, 3, 4 және 5-бағандардың үшінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ